

Тексерілді А.С.
Сыздыкова А.С.
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
«01.09» 2023 ж.

Бекітемін Д.Ш.
Ақан НОМ директоры:
Абдульманова Д.Ш.
«01.09» 2023 ж.



Зеренді ауданы білім басқармасының
«Ақан ауылының негізгі орта мектебі»
кітапханасының
2023 - 2024 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары

КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

Білім және тәрбие беру үрдісінде оқушылардың ақпараттық, оқырмандық, рухани – адамгершілік мәдениетін дамытуға ықпал ету, ақпараттық ресурстардың барлық түрлері мен деңгейлерін пайдалануға үйрету, кітапхананы пайдалануға дағдыландыру

ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- Белгілі бір тақырыптарда ашық және тұрақты көрмелер ұйымдастыру арқылы көркем әдебиеттер мен көмекші оқу құралдарын насихаттау жұмыстарын жүргізу;
- Кітапханаға келген жаңа оқырмандарды кітапхана ережелерімен таныстырып, қажетті ақпаратты жылдам, әрі ұқыпты іздеу жолдарын көрсетіп, олардың ақпараттық, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, оқу-ақпараттық біліктері мен дағдыларын дамыту;
- Оқырмандардың сұраныстарына сай қажетті ақпарат көздерін ұсыну, мерейтой иелері мен атаулы күндерге орай түрлі шаралар өткізу арқылы білім мен тәрбие берудің тиімділігін арттыру;
- Түрлі тақырыптарда мерекелік іс – шаралар, кітапхана сағаттарын, Көкшетау қаласындағы мұражайларға, кітапханаларға саяхаттар ұйымдастыра отырып оқушылардың танымдылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, азаматтық, гуманистік патриоттық сана – сезімге тәрбиелеу;
- Жаңа кітаптарға тапсырыс беру, мерзімді басылымдарға жазылу арқылы кітапхананы ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету;
- Кітап оқуға, әлемдік және ұлттық мәдениетке тарту арқылы баланы дамыту және оның өзін жетілдіруіне көмек көрсету;
- Пайдаланушыларға ақпаратты – кітапханалық қызмет көрсету: оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу – әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығын қамтамасыз ету;
- Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған қызметтер номенклатурасын жетілдіру, кітапханадағы тыныштық пен тазалықты қадағалай отырып, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру;
- «Рухани жаңғыру:Болашаққа бағдар» бағдарламасын оқушылар арасында насихаттай отырып осы бағытта жұмыстар жүргізу

КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие
- Өлкетану жұмыстарын жүзеге асыру
- Эстетикалық, этикалық тәрбиені насихаттау
- Салауатты өмір салтын насихатау

- Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту
- Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.
- Қазақтың салт-дәстүрлерін насихаттау
- Атаулы күндерге арналған кітап көрмелерін ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.

№	Атқарылатын іс шаралар	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Сынып	Өткізілу түрі	Жауапты
1	«Кітап-білім бұлағы»	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз Қыркүйек	1-9 сыныптар	Оқулық тарату	Кітапхана шы
2	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты сүйуге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.	Қыркүйек	1-сынып	Саяхат	Кітапхана шы
3	22-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім» Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына шолу	Оқушыларға ана тілін <u>білудің маңызы</u> жайлы айту, ана тілін үйрету; Ақын өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қыркүйек	1-9 сыныптар	Көрме	Кітапхана шы
4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсарин, Б.Сокпақбаев кітаптарын оқып әңгімелеп беру	Өз ойларын толық жеткізе білу	Қазан	2-4 сыныптар	Сынып сағаты	Кітапхана шы Сынып жетекші
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат	оқушылардың ертегі туралы баулу маңызы олардың ой өрісінің дамуына ықпал ету,	Қазан	5-9 сыныптар	Кітап оқу	Кітапхана шы

		қиялдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық кабілетін дамыту.				
6	«Рәміздерім- мақтанышым» кітап көрмесі	оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру.	Қазан	1-4 сыныптар	Көрме	Кітапхана шы
7	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында « Мен және менің отбасым» кандай кітап оқиды?	Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым- қатынасты қалыптастыру.	Қараша	1-4 сыныптар	Отбасылы қ оқу дәстүрі	Кітапхана шы Сынып жетекші
8	Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы Теңгенің (1993) алғашқы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл	Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру	Қараша	5-7 сыныптар	Көрме	Кітапхана шы
9	Оқулық тексеру рейді	Оқулықтарын тексеру, таза ұстауға шақыру	Токсан сайын	1-9 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапхана шы
1 0	16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік жетістіктері» атты кітап көрмесі	Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау	Желтоқса н	5-7 сыныптар	Көрме	Кітапхана шы
1 1	«Салауатты өмір- көтеріңкі көңіл»	балаларды зиянды әдеттерден	Желтоқса н	5-7 сыныптар	Интеллек туалды сайыс	Кітапхана шы

		сақтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау.				
1 2	«Қалың қалай оқулық?»	Оқулықтарды таза ұстауға шақыру	Қаңтар	1-9 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапхана шы
1 3	«Мақтан тұтар ұлы тұлға- Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев»	Өмір жолы, еңбегі және шығармаларыме н таныстыру	Қаңтар	6-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапхана шы
1 4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып- бір кітап» «Бауырсақ» ертегісіне көрініс	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету.	Қаңтар	2-сынып	Қойылым	Кітапхана шы Сынып жетекші
1 5	«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады»	Оқушының ой- өрісін дамыту,іздендір у, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Ақпан	8- сыныптар	Дебат	Кітапхана шы Қазақ тілі мұғалімі
1 6	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу	XX ғасырдың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таңыстыру. Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу.	Ақпан	1-9 сыныптар	Оқу сағаты	Кітапхана шы
1 7	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Мағауин	Білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру	Ақпан	5-9 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапхана шы Сынып жетекші
1	1- Наурыз «Алғыс	балалардың	Наурыз	2-4	Кітап	Кітапхана

8	айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз»	«сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.		сыныптар	көрмесі	шы
1 9	«Сынар ем, ана деген тәңірге» 8-наурыз аналар мерекесі	Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер, ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.	Наурыз	2-4 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапхана шы
2 0	«Қош келдің, әз наурыз!»	Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.	Наурыз	2-9 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапхана шы
2 1	«Қалың қалай оқулық?»	Жыл соңында оқулықтарды тексеру	Сәуір	1-9 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапхана шы
2 2	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күні ата-аналармен бірге дөңгелек үстел	Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы	Сәуір	5-9 сыныптар	Кітап көрмесі, дөңгелек үстел	Кітапхана шы

		баулу.Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру,оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.				
2 7	«Кітап –білімнің қайнар көзі»	Оқулықтармен жұмыс	Мамыр	1-9 сыныптар	Оқулықта рды жинау	Кітапхана шы